



ЖШС «LauRus2019»

Бекітемін:

Директор: Г.Н.Бижанова

ЖШС «LauRus2019»

Келісемін:

Әдіскер: Р.А.Айшуақова

Кеңестік пункттің 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспары

2023 жыл

**2023-2024 оқу жылына арналған мектепке дейінгі біліммен
камтылған балалардың ата - аналары үшін
консультациялық пункттің жұмыс жоспары**

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	«Баланың балабақшаға бейімделуі»	Қыркүйек	Әдіскер, медбике
2	«Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың танымдық қабілетін дамыту»	Қараша	Тәрбиешілер
3	«Дені сау бала-болашақ жемісі»	Қаңтар	Медбике
6	«Баланы тәрбиелеудің бес тәсілі»	Наурыз	Директор
7	«Нейрогимнастикалық ойындар арқылы қолдың ұсақ саусақ моторикасын дамыту»	Мамыр	Тәрбиешілер
14	«Баланы мектепке қалай дайындау керек»	Мамыр	Әдіскер

Баланың балабақшаға бейімделуі

Баланың балабақшаға алғаш баруы, балабақша өміріне бейімделуі бала үшін де, ата-анасы үшін де күрделі психологиялық процесс болып табылады. Бейімделуі - бұл баланың жаңа өмірге, жаңа жағдайға үйренуі, айналадағы ортаға, балаларға, тәрбиешіге және жаңа қарым-қатынасқа үйренуі болып табылады.

Балаға балабақшадағы күн тәртібіндегі 3 нәрсе ауыр тиеді:

1. Таңертең ата-анасынан айырылу (себебі балада ата-анам мені тастап кетті деген ой болады)
2. Түскі ас мерзіміндегі ұйқы (себебі балада мен енді осында қонып қаламын, ата-анам мені мүлдем алып кетпейді деген ойда болады)
3. Сырттан серуеннен қайту (себебі бала сыртқа шыққанда мен енді үйіме кетемін деген оймен шығады)

Баланың балабақшадағы бейімделуі ұзақтығы мына аталған жағдайларға да байланысты:

1. баланың жасына (балабақшаға ерте барған балалар тез бейімделеді, жас үлкейген сайын баланың балабақшаға бейімделуі ұзаққа созылады)
2. баланың денсаулығына (бала ауырып балабақшадан қала берген сайын олардың бейімделуі уақыты да ұзақ созылады)
3. баланың психикалық даму деңгейіне
4. баланың жеке ерекшелігіне (мінез-құлқы, темперамент)
5. баланың үлкендермен, құрбы-құрдастармен қарым-қатынасына.

Психологияда баланың балабақшаға бейімделуі 3 түрлі уақытта өтеді:

1. Баланың балабақшаға тез бейімделуі (10-15 күн)
2. Баланың балабақшаға орташа бейімделуі (1-2 ай)
3. Баланың балабақшаға ауыр бейімделуі (2-6 ай)

Мынадай балалар балабақшаға қиын және ұзақ бейімделеді:

1. Үйде жалғыз өскен балалар;
2. Ата-анасының, әжесінің ерекше күтімінде өскен балалар;
3. Үйде ересектердің ерекше көңіл бөлгенін талап ететін;
4. Өз-өзіне сенімсіз балалар және психологиялық жарақат алған балалар;
5. Дене кемістігі бар балалар;
6. Ата-анасы балабақшаға беруге қатты уайымдаған балалар.

Ата-аналар баланың балабақшаға бейімделуі үшін...

1. Балаңызға балабақшада жақсы екенін, балабақшаға барғанда көп достар табатынын, көп ойындар үйренетінін түсіндіріп айтыңыз. Себебі балаға анасының сөзі үлкен әсер етеді.
2. Балабақшаға барып жүргенде үйде бірқалыпты психологиялық атмосфераны сақтаңыз.

3. Баланың балабақшаға барып жүрген кезде қонаққа, ойын-сауық орталығына баруды тоқтата тұру керек (демалыс күндері).
4. Баланың күн тәртібін бақшаның күн тәртібімен бірдей етіп ұйымдастыру керек. Үйде балаңызға өз-өзіне қызмет етудің алғы шарттарын үйретіңіз.
5. Балаңызды түстен кейін ұйықтатуға тырысыңыз және балабақшаның ас мәзірімен танысып, үйдегі тамағына бөбекжайда ішетін тамақ түрін қосыңыз.
6. Өзімен қатарлас балалармен бірге ойнатуға тырысыңыз, ересектермен қарым қатынас жасауға үйретіңіз.
7. Егер балаңыз балабақшаға қаларда сізден қатты жылап айырылатын болса, онымен тезірек қоштасып кетіп қалуға тырысыңыз, себебі сіз баланың қасында ұзақ болған сайын бала көбірек жылап, өзін шаршатады.

Ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық қабілеттерін дамыту

Ерекше білімді қажет ететін балаларға білім беру еліміздің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Біз әр балаға, оның қажеттіліктері мен өзге де жағдайларына тәуелсіз өз әлеуетін толық жүзеге асыруға, қоғамға пайдасын тигізуге, сонымен қатар оның толыққанды мүшесі болуына мүмкіндік беруіміз қажет.

Ерекше білімді қажет ететін балаларды оқытуда заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдану, шығармашылық қабілетін дамыту, ойын арқылы ақыл-ойды қалыптастыру және өз алдына жеке тұлға ретінде қалыптастырудың маңызы зор. Ерекше білімді қажет ететін балаларды ойдағыдай әлеуметтенуі үшін бірқатар біліктілік қабілетін қалыптастыру қажет. Оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық, инновациялық технологияларды меңгере отырып сабақ жүргізу қажет. Ерекше білімді қажет ететін балаларды дамыту өз-өзіне сенім артады, өзін-өзі бағалай білуге, қоршаған ортасына сүйіспеншілікпен қарауына жол ашады. Ерекше білімді қажет ететін балалар ерекшелігі шаршағыштығымен, таным әрекеттерінің бұзылысы, жұмысқа қабілеттілігі төмендігі, қоршаған орта туралы түсінігі аздығымен, сабаққа деген ынтасының төмендеуімен байқалады.

Ерекше білімді қажет ететін балаларды таным қабілетін логикалық ой-өрісін кеңейту, сабаққа ынтасын арттыруда дидактикалық ойындарды ұтымды пайдаланудың маңызы зор. Сондықтан таным қабілетін дидактикалық ойындар арқылы дамыту балалардың ойлау қабілетін, тірек-қимыл әрекетін жетілдіруге көп көмегін тигізеді. Бала тамақтан да ойынға өте құштар болып келеді. Ойын – баланың бірінші әрекеті, сондықтан да баланың өмірінде ойынның мән-мағынасы ерекше орын алады.

Ерекше білімді қажет ететін балаларды біркелі жұмыс тез жалықтырады және олардың зейінін үнемі қажетті бағытқа аудару үшін алғашында әр сабақты ойын түрінде жүргізуді қажет етеді. Ойын кезіндегі баланың ерекшелігі ойланады, эмоциялық әсері ұшқындалады, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері, есте сақтауы дамиды, мұның бәрі баланың шығармашылық қабілетінің оянуына әкеледі.

Дидактикалық ойындар үш топқа бөлінеді:

- 1) Заттық дидактикалық ойындар – дидактикалық ойыншықтармен және түрлі ойын материалдарымен ұйымдастырылады.
- 2) Үстел үстінде ойналатын дидактикалық ойындар.
- 3) Сөздік дидактикалық ойындар.

Заттық дидактикалық ойындарға жататындар: «Түрлі-түсті жұлдызқұрт», «Сықырлы дөңгелек». «Түрлі-түсті жұлдызқұрт» ойынының мақсаты: түстерді тануға, сонымен қатар қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Керекті заттар: түрлі түске боялған қақпақтар және жұлдызқұрт суреті. Жұлдызқұрттың әрбір буынына түстеріне қарай қақпақтарды орналастырады. «Сықырлы дөңгелек» ойынының мақсаты: пішіндерді танып білуге, сонымен қатар түстерді шатастырмай дұрыс орналастыруға үйрету. Керекті заттар: дискілер, түрлі-түсті қағаздардағы пішіндер, қыстырғыштар. Дискіге түрлі-түсті пішіндер жапсырылған және қыстырғыштарда дәл сондай пішіндер орналасқан. Бұл ерекше білімді қажет ететін балалардың қол моторикасын, ойлау мен танымдық қабілетін бірге дамытады.

Үстел үстінде ойналатын дидактикалық ойындарға көбіне құрастыру, қағаздармен жұмыс жатады. Мысалы, әртүрлі оюлар бөліктерінен кілем құрастыру, әртүрлі аңдардың сұлбасын қолдарына кигізіп, жүрісін, қимылын қайталауға болады. Түрлі түске боялған бұршақ, күріштерден салынып тұрған суреттің үстіне орналастыруға

болады.

Сөздік дидактикалық ойындар балалардың өз ойын ашық айту, сөйлемді құрастырып айту, сөздік қорын молайту мақсатында жүргізіледі. Мысалы: «Өз үйін тап», «Балық аулау» ойындарын алуға болады. «Балық аулау» ойынының мақсаты: берілген суреттерді атап, сөйлем құрау қажет. Қажетті заттар: балықтар суреті, себет, әр түрлі суреттер. Балалар ауланған балықтың артында жасырылған суретте не бейнеленген және соған байланысты сөйлем құрауы қажет. Айналаны зерттеуге қызығушылығы оянады, ой-өрісі кеңейді, зат бейнесін көру, есту арқылы да елестетеді, яғни, зейінін шоғырландыруға жағдай жасайды.

Қорыта айта кететін болсақ, егер ерекше білімді қажет ететін балаларды уақытымен түзетіп игертпесе, бала болашағында қиындықтар кездеседі. Сол үшін ең алдымен әр балаға тән қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін анықтап алу керек. Танымдық қабілетін дидактикалық ойын арқылы дамытуды барлық ұйымдастырылған оқу қызметіне үнемі пайдалану қажет.

Дені сау бала – болашақ жемісі

Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Отбасында ата-ананың ықыласы мен мейірімінен нәр алған бала балабақшада тәрбиешілердің шұғылалы шуағына бөленеді. Баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуіне балабақшаның маңызы зор. Баланың бақытты болуы үшін, денінің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек. Дені сау баланың ақыл- ойы айқын, өз- өзіне сенімді, жан- жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс же-тілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан, бала ағзасының қызметін жетілдіру, қабілетін арттыру ең басты міндетіміз. Ағзаның қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды. Сондықтан да сүйектің, буынның дұрыс әрі мерзімінде жетілуіне, бел омыртқаның физиологиялық иіндерінің қалыптасуына, табан дөңестерінің дұрыс жетілуіне айрықша мән беру керек. Сондай- ақ баланың қозғалысын жетілдіру, қимыл- дағдыларын және дененің икемділігін, шапшаңдық, күштілік, төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастыруға тұрмыста және дене тәрбиесі іс- шараларында қажетті жеке және қоғамдық гигиена дағды-ларын дамытуға баса назар аударылады. Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылады. Балабақшаға таңертеңгі келген уақыт-тан бастап күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (Таңғы жаттығу, қи-мылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын – сауықтар) өткізеді. Жүру және жүгіру түрлері бағдарламағам сай жүргізіледі. Жалпы жетілдіру жаттығу жасарда тәрбиеші негізгі қалыпқа көп көңіл бөлуі керек. Сонымен қатар әр түрлі жағдайда (тұрып, отырып, жатып) жасайтын жаттығулар жоспарлау қажет. Жалпы жетілдіру жаттығулар үшін (жалау-шалар, доптар, кубтар, секіргіштер, құрсаулар, гимнасти-калық таяқшалар т.б) пайдаланылады. Балалар негізгі қалыпқа дұрыс тұрып, жаттығулардың жасалу техникасын дұрыс сақтап, тәрбиешінің нұсқауы мен қимылдап, барлық бала бірдей қимылдаулары керек. Негізгі жаттығулар әдістемелік құралға сүйене таңдалып өтіледі. Допты лақтырып, қағып алу, допты бір – біріне лақтыру, ұзындыққа секіру, гимнастикалық қабырғаға өрмелеп мініп түсу; гимнастикалық отырғыш үстінде тепе – теңдікті сақтап жүруге үйретіледі. Таза ауадағы дене шынықтыруда балалардың жаттығуларға деген белсенділігін төмендетпес үшін оларға көп ауыртпалық түсірмеуге, дұрыс дема-луларына көңіл бөлінеді. Таза ауадағы дене шынықтыру балалардың тек қана денесін шынықтырып ғана қоймай, сондай-ақ тәрбиелік мәні бар білімін ұштастыруға септігін тигізеді. Спорттық ойындар арқылы балаларды төзімділікке, қайратты шымыр болуға баулу қажет. Таза ауадағы дене шынықтыруды өткізу үшін алаңдағы орын барлық жағдайға сай жабдықтануы керек. Біздің балабақшада әртүрлі өрмелеуге арналған баспалдақтар, түрлі жаттығуларға арналған отырғыштар, еңбектеуге, сырғанауға арналған ойын алаңдары бар. Таза ауадағы дене шынықтыруды өткізу үшін балалардың денсаулығы тура-лы мәліметті балабақша медбикесінен алады. Егерде операция жасалған не-месе бір жері қатты ауыратын бала болса, ол балалар тәрбиеші көмекшісімен бірге болып, жеңіл қимылды ойындар ойнайды. Сауықтыру шараларына медбике жиі қатысып, тексеріп тұрады, балалардың жүйке жүйесіне жүрекке, бұлшық еттің қатаюына, қан айналымының жақсаруына әсер ететін жаттығулар түрін таңдауға көмектеседі. Дене шынықтыруды өткізу үшін балалардың киімдерінің жүріп – тұруына ыңғайлы болуын қадағалайды. Ұйқыдан тұрған кезде ояту, йога және нүктелі укалау жаттығулары жүргізіледі. Жалпақ табандылықты болдырмау мақсатында арнайы кілемшелер үстімен жалаң аяқ жүргізеді. Балалардың қимыл іс-әрекетін жетілдіру тек дене шынықтыру сабағымен шектелмейді бос уақытта балалардың қимыл іс әрекетіне көп көңіл аударуымыз керек. Тәрбиеші бала-лармен түрлі ойын, жаттығу өткізеді. Серуен кезінде де

түрлі жаттығу, ойын-дар ойналады. Тәрбиеші көп қозғалмайтын балаларға ерекше көңіл аударып, ойынға үнемі қатыстырып отыруы тиіс.

Дұрыс тамақтанудың, таза жүрудің адам денсаулығы үшін маңызды екенін түсіндіру. Жас ұрпақ дұрыс өсіп жетілуі үшін денсаулығын күтуді үйрету, салауатты өмір салтын сақтап, өмір сүруге дағдыландыру керек.

Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына ең алдымен ата – ананың тәрбиесі негізгі рөл атқарады десек, сол тәрбиені ұштастыра білу балабақшадағы тәр-биешіге де маңызды міндет жүктейді. Балабақшадағы әр баланың отбасылық жағдайын, ондағы тәрбие бағытын біліп, ата – анамен тығыз қарым – қатынас орнатып, ынтымақтаса жұмыс жасағанда ғана бала тәрбиесі өз нәтижесін береді. Жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші, ата-аналардың балабақша мен байланыс дұрыс жолға қоюға жұмыстар жүргізіледі. Балабақшада денешынықтыру кезінде бала дұрыс қозғалыста болуы үшін жыл мезгілдеріне сай киіндіруге, демалыс күндерінде де үйде жаттығулар жасауды әдетке айналдыруды, ашық есік күні, мерекелік ертеңгіліктерге, түрлі спорттық ойындарға ата – аналардың белсене қатысып, қызығушылық танытуын ынтымақтаса жүргізген жұмыстарымыздың нәтижесі деп білеміз. Балабақшамызда «Толғағай» спорттық сайыс өткізіліп, ата – аналармен бірге ойындар ойнап, жаттығулар жасап, балалардың сенімділігін артамыз. Балабақшаның ауласы, бөлме тазалығы безендірілуі, балаларға ыңғайлылығы, әдемілігі, эстетикалық талғамдылығы жоғары болуы шарт. Неғұрлым ерте жатып, уақытымен таңертеңгілік тамағын ішіп, серуенге шығып ойнаған, жылы сөз, мақтау естіген, спортпен шұғылданған, шыныққан бала әрқашан да ауруға төтеп беретін, жігерлі, ақылды болып өседі. Бала денсаулығы жақсы, шыныққан, көңіл – күйінің жоғары, ынталы болуы үлкендерге, яғни ата – ана, тәрбиешіге, қоршаған ортаға байланысты.

БАЛАНЫҢ ДЕРБЕСТІГІН ДАМЫТУДЫҢ 5 ТӘСІЛІ

Бала анасының етегін ұстауды қойып ертерек дербес болуы үшін не істеу керек, мақаламызда айтамыз.

Ешкім қамқорлық пен күтім жаман— деп айтпайды. Барлығы қалыпты жағдайда жақсы. Балада дербестікті тәрбиелеу белгілі бір еркіндіксіз мүмкін емес. Кішкентай кезінен бастап балаларға өз істерін жоспарлау, шешімдері мен іс-әрекеттері үшін жауап беру қабілеттерін үйрету керек.



НЕЛІКТЕН СӘБИЛЕРДЕ ДЕРБЕСТІКТІ ДАМЫТУ МАҢЫЗДЫ

Дербестік ерте жастан маңызды, баланын дамуына және қоршаған өмірге белсенді араласуына кедергі жасамаған жөн.

Психология тұрғысынан:

- дербестікті дамыту өзіне деген сенімділікке әкеледі,
- сіз балаға оған сенетініңізді, оның күші мен қабілеттеріне сенетініңізді көрсетесіз,
- эмоционалды сала дамиды,
- ересектермен қарым-қатынас нығаяды.

Мінез-құлық тұрғысынан:

- өз бетімен бір нәрсе жасауға мүмкіндік берілетін балалар, аз тентектенеді және қырсығады,
- өзінің дербестігі мен тәуелсіздігін сезіну мүмкіндігі дағдарыстық мінез-құлық ықтималдығын төмендетеді.

Тілді дамыту тұрғысынан:

- бала өздігінен бірдеңе жасап жатқанда, онымен сөйлесіп, сұрақтар қойыңыз,
- бала қолынан келгенше сөзбен, бет-әлпетімен, ым-ишарамен — жауап берсін.

Моторика тұрғысынан:

- дербес әрекеттер балаға жаңа тәжірибе береді,
- үйлестіру дамиды, сәби, мысалы, қақпақты ашу, тығынды бұрап алу үшін қанша күш керек, аяқ киім кигенде тепе-теңдікті қалай сақтау, бауды байлау үшін қандай әрекеттер жасау керектігін түсінуді үйренеді



БАЛАНЫ ДЕРБЕСТІККЕ ҚАЛАЙ ҮЙРЕТУ КЕРЕК 1. МЕН БАСТАЙМЫН & СЕН АЯҚТА

Бұл әдісті кию/шешіну мысалында қолдануға болады. Аяқ киімнің бауын ағытып немесе ашыз, ол оны өзі шеше алады. Жемпірді басынан киюге көмектесіңіз, ол қолын жеңдеріне өзі кіргізе алады және т. б.

Тамактану кезінде де жақсы жұмыс істейді. Балаңызды қасықпен тамақтандыруды бастаңыз, және оның қарны тойған көргенде, табаққа аздап тамақ қалдырыңыз және тамақтануды өзі аяқтасын.

2. СЕН БАСТА— МЕН АЯҚТАЙМЫН

Бұл әдіс баланы өз тістерін өз бетімен жууға үйрету қажет болған кезде өте жақсы жұмыс істейді. Алдымен оған өзі жасап көруге мүмкіндік беріңіз, содан кейін барлық ережелерге сәйкес бастағанды аяқтаңыз.

3. ҚАНЕ БІРГЕ

Бұл тәсіл сізге күрделі істерді орындау үшін немесе аса назар аударуды және қауіпсіздік техникасын сақтауды қажет ететін жерлерде қажет болады. Мысалы, ас үйде немесе ванна бөлмесінде шомылу кезінде.

Балаңызға тамақ дайындауға көмектесуге рұқсат етіңіз. Жұмсақ көкөністерді кішкене пышакпен кесіп, қамыр илесін, салат ингредиенттерін араластырсын және т. б.



4. МЕН КӨРСЕТЕМІН, АЛ СЕН ҚАЙТАЛАЙСЫҢ

Балалар — нағыз «қайталағыштар» Мысалы, кір жуғыш машинадан кірді шараға алуға, батареяға шұлықтарды іліп қоюға көмектесуін сұраңыз.

Шашын өзіңіз тарауға және қуыршақтың шашын өруге үйретіңіз. Жаттығудан кейін мысықтарға » сосын балаға өз шашын да сеніп тапсыруға болады.

5. ӨЗІҢ ТАҢДА

Таңдау құқығы — бала үшін өте үлкен қуаныш. Балабақшаға не кию керектігін, дүкенде не сатып алу керектігін, серуендеуге не киіп бару керектігін таңдауды ұсыныңыз.

Бала сіздің онымен кеңесіп, оның пікірін сұрап, ол айтқандай әрекет еткеніңізге «риза болады».



ДЕРБЕС БАЛАНЫ ҚАЛАЙ ӨСІРУ КЕРЕКТІПІ ТУРАЛЫ КЕҢЕСТЕР



- Балаға күніне өзі жасай алатын кем дегенде 3 іс беріңіз.
- Орындау мысалын көрсетіңіз, жұмыстың бір бөлігін бірге жасаңыз.
- Шыдамды болыңыз, балаға сеніп тапсырылған нәрсені орындауға асықпаңыз.
- Жүйелілікті сақтаңыз, бірыңғай талаптарды ұстаныңыз.
- Балаға қателіктер жіберуге рұқсат етіңіз, оларсыз ол тәжірибе ала алмайды.
- Талпынысы үшін мадақтаңыз, жетістіктер үшін көбірек мақтаңыз.
- Үй міндеттерін біртіндеп қиындатыңыз.

БАЛАНЫ ӨЗ БЕТІНШЕ САБАҚ БЕРУГЕ ҚАЛАЙ ҮЙРЕТУ КЕРЕК

Көптеген ата-аналар мектеп тапсырмаларын орындау « көп уақыт алады » деп шағымданады. Болашақта қиналмау үшін баланы басынан бастап тәуелсіздікке үйретіңіз. Ол сабаққа отыру үшін анасы немесе әкесі жұмыстан келуін күтпеуі керек.

1-сыныпта бала 10-15 минут ішінде тапсырмаларды өз бетінше орындай алады. Бақылау мен көмек, әрине, маңызды, бірақ мектептегі алғашқы күндерден бастап оқудың — баланың жауапкершілік аймағы екеніне ден қою керек. 2-сыныпта өз бетінше жұмыс істеу үшін оң нәтижелерді көру үшін 20-25 минут бөлу жеткілікті, үшіншіде сіз жарты сағатқа дейін көбейте аласыз. Бастауыш мектептің соңында оқушы барлық 45 минутта тапсырманы өз бетінше орындай алады.

Бала біреу үшін оқымайтынын білуі керек. Оқу өзі үшін маңызды. Мектепте оқу — бұл ересектердегі жұмыс сияқты, ал үй тапсырмасы — оқу процесінің ажырамас бөлігі. Әр нәрсені, әр үтірді шамадан тыс бақылау сияқты барлығын өз бетінше жіберген де жаман. Үнемі бақылау баланы мұғалімдер мен ата-аналардың тапсырмаларын орындайтын жауапкершілігі жоқ тіршілік иесіне айналдырады, барлық бастаманы түбегейлі өлтіреді. Мотивацияның негізінде біреудің соққысы мен ысқырығы емес, табиғи қызығушылық, құмарлық болуы керек.

Құрметті ата-аналар, кейде біздің балаларымыз әлі кішкентай, сондықтан оларға өз бетінше ештеңе істеуге сенуге болмайтындай көрінеді. Бұл іс жүзінде олай емес. Балаларға сәл артық нәрсеге рұқсат беріңіз, сіздер олардың не нәрсеге қабілетті екенін білгенде таң қаласыздар!

Нейрогимнастикалық ойындар арқылы колдың ұсақ саусақ моторикасын дамыту

- 1. Үйшік** Егістікте үйшік тұр, (саусақтарының бастарын түйістіріп, үйшік жасайды)
Оған барар жол жабық (қолдарын айқастырып, жолды жабады)
Айқара ашып қақпаны (қақпаны ашады)
Шақырамыз қонақты (қолдарын бұлғап шақырады).
- 2. Үй тұрғызу** Балғаменен ұрып, ұрып (жұдырықты түйіп, үстелді ұрады)
Мол ғып шеге қағамын (жұдырықтарын кезекпен бірінің үстіне бірін қояды)
Әдемі ғып үй тұрғызып (қолмен үйшік жасайды)
Бәрін бірге жиямын (саусақтарын барына ашып, қайтадан жұмады)
- 3. Салат** Сәбізді алып тазалаймыз (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)
Үккішпен үгіп майдалаймыз (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)
Қантты сеуіп дәмдейміз (саусақтардың ұшымен қант себеді)
Қаймақ құйып сәндейміз (қолды жұдырыққа түйген күйі қаймақ құйған сияқты)
кол білегін жоғары-төмен қозғайды)
Міне, дайын нәр тағам- (екі қолын алдына жайып көрсетеді)
Дәруменге байыған (алақанымен іштерін синалап, тойғандықтарын білдіреді).
- 4. Бақшада** Күректерді алайық, (екі қолмен күрек алғандай қимылдайды)²
Жерді қазып, дайындап, (қолменен жер қазады)
Тыңайтқышты шашайық. (саусақ ұштарымен себеді)
Тырнауышты алайық, (саусақтарын жартылай бүгіп, араларын ашады)
Бақшаға жер дайындап, (үстел үстін тырмалайды)
Дәнді сеуіп тастайық. (саусақ ұштарымен себеді)
Шелекпен су құйайық, (жұдырықтарын түйіп, су құйғандай білезіктерін қимылдатады)
Арамшөбін жұлайық, (саусақтарын жинап, шөп жұлады)
Күн астында бақшамыз, (алақандарын жаяды)
Жылдамдатып өссін деп, Қарап, қарап қояйық. (қолдарын қабақтарына апарып, айналаны қарайды)
- 5. Компот** Жемістерді жинаймыз, (қолдарымен жемістерді жинайды)
Алманы ірі тураймыз, (қолдарының қырымен турайды)
Алмұртты алып ұсақтап, Алхораны жуамыз. (жуғандай әрекет етеді)
Лимонды алып сығамыз, (жұдырық түйіп, сығады)
Қантын мол қып қосармыз. (саусақ ұштарымен қант себеді)
Суын құйып қайнатып, Қонақтарға тосамыз. (алақандарын жайып, ұсынады)
- 6. Тасбақа** Асықпайтын тасбақа (жұдырықты үстел үстімен жайлап жылжытады)
Тас ішінде тұрады Басын жайлап шығарып, (сұқ саусағын шығарып, қайтадан жасырады)
Қайтадан оны тығады. (бірнеше рет қайталайды)
- 7. Найзағай** Жерге түскен тамшыдан (әр қолдың екі саусағымен жаңбыр жауғызады)
Өрмекші қатты қорықты (саусақтарын сәл бүгіп, өрмекші секілді қозғалтады)
Нөсерлеткен жаңбырдан (жаңбырды қаттырақ жауғызады)
Торғайлар келіп тығылды (саусақтарын жазып, екі қолын айқастыра, канат қағады)
Шелектеп құйған жаңбырдан (барлық саусақтарымен қаттырақ жаңбыр жауғызады)
Балалар үйге жүгірді (ортаңы және сұқ саусақпен жүгіреді)
Найзағай қатты жарқырап (ауада найзағайды бейнелейді)
Күркілдеді көк аспан (жұдырықпен үстелді тырсылдатаып, алақандарын соғады)
Кенет бұлтты ысырып (қолдарымен жан жаққа сырады)
Шықты күн де жайнаған («күн» жасайды).
- 8. Жаңбыр** Таң атқаннан тоқтамастан жаңбыр жауды себелеп (саусақтарымен «жаңбыр жауғызады»)
Сондықтан да жасыл желек (саусақтарын түрлі бағытта қозғайды)
Суға қанды, не керек? (саусақтарын жазып, алақандарын жаяды)
- 9. Ойын: “Шаш өру”** Жасы: 2,5-5 жас аралығы Қажетті заттар: түрлі түсті ұзын баулар, не тоқыма жіптен арнайы шаш жасалған қыздың суреті.
Ойын барысы: Тоқыма жіптен жасалған шашпен не баулармен балаға шаш өру ұсынылады. Өріп болған соң арнайы баулармен бекітуге болады.
- 10. Ойын: “Құм себу”** Жасы: 3-5 жас аралығы Қажетті заттар: арнайы құрғақ құм не манна ұнтағы, ұсақ моншақтар, кішене шелек немесе шыны ыдыс. Ойын барысы: қолымызға құмды толтырып алып, кейіннен оны аз аздан үзбей төгеміз. Бірнеше рет жаттыққан соң арнайы ыдысқа салып қараймыз. Асфальт не тегіс тақтайға осы әдіс арқылы сурет салуға болады. Әбден жаттыққан соң жаттығуды

күрделендіреміз. Енді құмның орнына моншақтар аламыз.

Ойын: “Әдемі бейнелер” Жасы: 3 және одан ересек жас аралығы Қажетті заттар: қатырма қағаз, ПВА желімі, қылқалам, мақта, түрлі түсті қағаз не мата, жіп қиындылары, гуашь бояуы

Ойын барысы: қағаз бетіне қажет бейнені салып аламыз, кішкентай жастағы балаларға пішін салу ұсынылады. Енді қылқалам көмегімен суретке желім жағылып, мақтаны аз аздан үзіп алып бекіту ұсынылады. Қажет жерлеріне мата не қағаз қиындылары жапсырылып, гуашьпен боялады. Бұл әдіс арқылы аккуды, балапанды, қоянды, аюды, т.б. бейнелеуге болады.

Ойын: “Саңырауқұлақ жинайық” Жасы: 2-5 жас аралығы Қажетті заттар: боялған және ұсақталып қиылған паралондар, себет Ойын барысы: балаға жерге шашылған ұсақ паралондарды “саңырауқұлақ” ретінде жинау ұсынылады. Ол әр паралонды жеке жеке жинап алып, себетке бір бірден салуы керек. Бұл ойын сонымен қатар ұқыптылық пен тазалыққа үйретеді.

Ойын: “Ретімен орналастыр” Жасы: 2-5 жас аралығы Қажетті заттар: екі не одан да көп түсті моншақтар, бос ыдыстар Ойын барысы: “Қарашы, қуыршақтың моншақтары араласып кетіпті, біз оған оларды реттеуге көмектесейік, түстеріне қарай жинайық” деген сияқты мысалдар айтып, балаға моншақтарды түстеріне қарай ажыратып, реттеу ұсынылады. Ойынды міндетті түрде аяғына дейін жеткізу керек.

Ойын: “Моншақтарды жинайық” Жасы: 2-5 жас аралығы Қажетті заттар: құм салынған ыдыс, ұсақ тастар не моншақтар, сүзгі, бос ыдыс Ойын барысы: балаға құм арасынан тастарды не моншақтарды іздеп тауып, ыдысқа салу ұсынылады. Осы әрекетті орындап болғасын сүзгінің көмегімен құмды илеу арқылы моншақтарды табу ұсынылады.

Ойын: “Күрішті тазалайық” Жасы: 2-5 жас аралығы Қажетті заттар: күріш, манна ұнтағы, илек, ыдыстар Ойын барысы: Балаға илек арқылы араласып кеткен күріш дәндері мен манна ұнтағын ажырату ұсынылады. Сүзгімен илеп ажыратылғаны көрсетілгеннен кейін күріш пен манна ұнтағының қалай араластырылғаны көрсетіледі.

Ойын: “Судан сүзіп ал” Жасы: 2-5 жас аралығы Қажетті заттар: су құйылған ыдыс, сүзгі, батпай жүзетін ұсақ заттар, бос ыдыс Ойын барысы: су құйылған ыдысқа ұсақ заттарды саламыз. Енді сүзгінің көмегімен бала оларды судан сүзіп алып, ыдыстың оң жағында тұрған бос ыдысқа салуы керек.

Ойын: “Ілгектеріңді сал” Жасы: 2-5 жас аралығы Қажетті заттар: арнай дайындалған “салынбалы рамкалар” (ілгектермен, баулармен, сырғатпалармен, ілмектермен, қапсырмалармен, т.с.с.) Ойын барысы: балаға арнайы дайындалған “салынбалы рамалар” беріледі. Ол өз бетімен ілгектерді не қапсырмаларды, т.с.с. салуы не бекітуі керек. Салу, бекіту дағдылары қалыптасқаннан кейін бауларды баулап үйретуге болады. Бұл ойын күнделікті өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады.

Ойын: “Сиқырлы қапшық” Жасы: 3-5 жас аралығы Қажетті заттар: балаға таныс 8-10 ойыншық не ұсақ заттар, әдемі қапшық Ойын барысы: қапшыққа ойыншықтар не ұсақ заттар орналастырылып, ауызы жабылады. Бала көзін жауып, қапшықтан бір затты алады. Ол сипап сезу арқылы заттың атын атауы не оны сипаттап беруі керек. Ойынды бірнеше баламен сайыс түрінде де өткізуге болады. Көп затты дәл тауып атаған бала жеңімпаз атанады.

Баланы мектепке қалай дайындау керек?

Сіздің балаңыздың оқушы атағын алатын уақыт та жақындап қалды. Осыған байланысты ата-аналардың мазасы кетіп, қобалжи бастайды, баламыз не біліп, не істей алады деген сұрақтар мазалайды.

Балабақшада бала санауды, ойлауды, есте сақтауды, зейін аударуды үйренеді. Баланы мектепке дайындауда ата-ана негізгі рөл атқарады. Көп жерлерде баланың даму сатысы, тәрбиесі сіздерден бастау алады. Бұл жерде аса тым күш салып жібермеу қажет. Кейбір ата-аналар балаларын сәби кезден-ақ жақсы оқитын, білгір жасағысы келеді. Ақырында бала зардап шегеді. Мектепке дайындыққа не жатады? Мектепке дайындалған бала көп білім мен үйреншікті қабілеттерге ие болып, оларды қолдана білуі керек.

Ең алдымен бала физикалық дайын болу керек. Ол үшін денсаулығы мықты болып, мектеп бағдарламасын өтеуге лайық болу керек. Ал балада кейбір психикалық ауытқулар сезіліп, көрінсе, денсаулығында өзгерістер, кемшіліктер байқалса, ата-ана мұны мойындап баланы арнайы түзетуге арналған коррекциялық мектепке беруі керек. Физикалық дайындыққа баланың қозғалыс жүрісі мен саусақ қозғалысы жатады. Бала қай қолда, қалай қалам ұстау керектігін білуін керек. Негізгі гимнастикалық ережелерді ұстану керек: үстел басында дұрыс отыруы, жаттығулар мен тапсырмаларды түсініп, шапшаң орындай алуы және т.б.

Екіншіден, баланың психикалық дайындығы. Бала бірінші сыныпта өзі мектептің ішінде, белгілі кеңістікте жүре алуы, сонымен қатар үйден шығып дүкенге баруы керек. Баланың жаңа білім алуға талпынысының жоғары болуы. Берілетін білім баланың есте сақтау, ойлау қабілетіне сәйкес болуы қажет. Жеке тұлға дайындығы өзімен қатар жасты балалармен араласа алуынан, басқаларды бағалап, қиын жағдайлардан шығуынан көрінеді. Үлкенді тыңдап, жақсы мен жаманды айыра алуы есте сақтау керек.

Мұғалімнің қойған міндеттерін қабылдап, зейін қойып тыңдап, түсінбеген жерлерін сұрау керек. Баланың мектепке дейінгі эмоционалды-ерік дайындығы дегеніміз: мектепке не үшін баратынын, оқуға деген қызығушылығы болуы шарт;

- бала ұнамсыз мінез-құлық, үйдегі еркеліктен арылуы керек;
- бір орында отыру, берілген уақыт бойы зейін қойып тыңдап, тапсырмаларды орындап, ешқайда көңіл бөлмеу.

Сіздің балаңыз мектепке дайын болып, қуанышпен бару үшін, кейбір кепілдемелерді тыңдағандарыңыз жөн:

- Балаңыздан көп талап етпеңіз.
- Бала қателік жасауға құқығы бар, себебі әр адам қателеседі.
- Балаңыздың өзін-өзі тым жоғары бағаламағанын қадағаланыз.
- Балаңыздан қателіктер мен кемшіліктер байқасаңыз, арнайы мамандардан көмек сұрауға қорықпаңыз: логопед, психолог, т.б.
- Оқу демалыспен ұштасып, ұласу керек.
- Балаңыздың күн тәртібін қадағалап отырыңыз, бала белгілі бір уақытта оянып, ұйықтауы керек.
- Ас қабылдауы сәйкес болуы керек.
- Балаңыз әр жағдайда қалай жауап бергенін байқап отырыңыз.
- Үй жұмысын орындауға түгел жағдай жасаңыз.
- Балаңыз үй жұмысын аяқтамай, шаршаса, балаға біраз уақыт демалуға рұқсат етіп, демалғаннан соң қайта сол үй жұмысын орындатыңыз.
- Бала үй жұмысын орындаудан бас тартса, оны қызықтырып, бір айласын табыңыз.
- Балаңызға өзіңіздің қалай оқып, қалай бірінші сыныпқа барғаныңызды айтып беріңіз.
- Мектепке деген көзқарасын дұрыс қалыптастырыңыз.
- Балаңыз «сыпайы сөздерді» қолдана ма, соны байқаңыз: рақмет, кешіріңіз, сау болыңыз, сәлеметсіз бе? т.б.

Балаңыз мектеп табалдырығын аттағаннан бастап өмірдің келесі сатысына көтеріліңіз. Бұл сатыда балаңыз қуанышқа бөленіп, түгел оқу бойы осындай көңілді мезетке толы болатынына жағдай жасаңыз. Бала әрқашан сіздің барыңызды, көмегіңізді сезініп, әр қиындықта сізден көмек сұрауға болатынын білуі керек. Балаңызға дос, дана, кеңесші болыңыз. Сонда ғана сіздің балаңыз жеке тұлға болып, келешекте мақтанышыңызға айналады.